

## ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

**Хамзина К.Б.**

*Педагогикалық ғылымдар магистрі,  
аға оқытушы*

*Қостанай мемлекеттік  
педагогикалық институты  
Қостанай қ., Қазақстан*

### **Аннотация**

*Мақалада Германия мемлекетінің білім беру жүйесінің ерекшелігі жайлы баяндалады. Тағылымдама барысында Германиядағы жоо болашақ маманның кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу және оның құрылымын анықтау мақсаты негізделді.*

### **Аннотация**

*В данной статье раскрывается особенность системы образования в Германии.*

*Во время стажировки, вузах в Германии было целью определить психолого-педагогическую особенность исследования и его структуру формирования профессионально-педагогического имиджа будущего специалиста.*

### **Abstract**

*This article reveals the features of the education system in Germany.*

*During internships, higher education institutions in Germany was to determine the psychological and pedagogical features isledovaniya and structure formation of professional pedagogical image of the future specialist.*

**Түйінді сөздер:** тағылымдама, білім беру, мектеп, гимназия, имидж, кітапхана.

**Ключевые слова:** стажировка, образование, школа, гимназия, имидж, библиотека.

**Keywords:** training, education, school, gymnasium, image library.

Педагогтардың кәсіби-педагогикалық қасиеттерін қалыптастыру, жетілдіру жұмысына сапалық серпіліс жасауға, оған шын мәнінде үздіксіз, біртұтастық сипат беруге, мектептен бастап, білім беру мекемелерінің, арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының бірігіп ғылыми-практикалық және әдістемелік тұрғыда жұмыс жасауын қолға алуға, яғни үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің біртұтастық, бірізділік, икемді, динамикалық, т.б. қасиеттерге ие интегративті сапасын өмірде пайдалануға баса назар аудару бүгінгі күн талабы болып отыр.

Осы орайда Халықаралық білім беру және ғылыми ақпарат орталығында 2014 жылдың 17–28 қараша аралығында ғылыми тағылымдама ұйымдастырылды. Тағылымдама барысында Германиядағы жоо болашақ маманның кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу және оның құрылымын анықтау мақсаты негізделді.

Алдыға қойылған мақсатқа жету үшін міндеттер белгіленді.

- Шетелдік ЖОО-ғы болашақ маманның кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін талдай отырып, ЖОО-да студенттерінің кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық құрылымын анықтау.

- Халықаралық білім беру және ғылыми ақпарат орталығымен кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне эксперименттік зерттеу және талдау жүргізу.

Тағылымдама барысында Генрих Гейне атындағы университетімен танысып, кітапханасында зерттеу тақырыбына сәйкес педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдап жинақтау, синтездеу әдістемесін қолдана отырып жұмыс істедік. Кітапхана қорымен жұмыс барысында шетел әдебиеттерімен жұмыс жасау барысында көп көмегін тигізген психология ғылымының докторы, профессор Михайлова Наталья Борисовна болды.



«Сурет 1» Халықаралық білім беру және ғылыми ақпарат орталығының кітапханасы

Генрих Гейне атындағы университет кітапханасында келесі әдебиеттер тізімімен талдау жұмыстары жүргізілді:

- Ernst Cloer, Dorle Klika Hubertus Kunert ``Welche Lehrer Braucht das Land?`` еңбектері бойынша педагогтың кәсіби сапалары жайында баяндалады.

- Robert J. Sternberg ``Guide to Publishing in Psychology Journals`` Психологиялық журналдарға еңбектер жариялау туралы өзіме көптеген мәліметтер алдым.

- Dael Wolfle, Lorrain Bouthilet ``The American Psychologist`` Американдық психологтың педагогтың жоғары деңгейлі кәсібилігі жайында мағлұмат береді.



«Сурет 2»

Дюссельдорф қаласындағы оқу орталығында Сергей Аруин «Признание. Доверие. Перспектива. (Akzeptanz. Vertrauen. Perspektive)» ұйымының жұмысымен таныстырды. Ұйымның жұмыстағы негізгі мақсат, міндеттері – орыс тілді имигранттар отбасы мен жастарына білім алу және мәдениетті қабылдауға кеңестік жұмыстарды ұйымдастыру, олардың әлеуметтік ортасын зерттеу. Ұйымда 1,5 жастан 14 жас аралығындағы балаларға ерте білім алып, даму жолдарына түрлі проектiлер мен семинарлар арқылы кеңестер береді. Баланы ерте жас-тан мектепке дайындауда баламен бірге ата-анасын қатыстырып, олардың қабілетін ашуға түрлі жұмыстар жүргізеді. Ұйымда бірнеше шағын клубтар жұмыс істейді: театрлық тобы «Persona», КВН командасы «СиДи», баланы ерте дамыту – «Альфа» т.б.

Профессор Оливер Плацек (аудармашы Ольга Ганзер) «Жұмысты менеджменттік ұйымдастыру» тақырыбында дәріс оқыды. Өз дәрісінде Германиядағы білім беру жүйесі, мұғалімдердің жағдайы туралы, мектептің негізгі қызметі - білімге жауаптылығы тоқталып өтті.

Практикалық жұмыс «Stryktur und Besonderheiten des Deutschen Bildungssystems» тақырыбында жүргізілді. Бұл бағдарлама бойынша білім беру мекемелері түрлері жайлы Ольга Ганзер таныстырды. Германияның білім беру жүйесі демократиялық деп айта аламыз. Ата-ана мен оқушы төменгі сыныпта өзіне керекті мектепті таңдайды. Төменгі сыныптарда, яғни 6–10 жас аралығында балалар оқуды, санауды, жазуды, табиғатты тануды үйренеді. 10-19 жас аралығында жоғары сатыда оқып, оқушы мамандана бастайды. Германияда мектептің мынадай түрлері бар: негізгі мектеп (Hauptschule) – 5–6 жыл оқытылады, шынайы мектеп Realschule) – 6 жылды қамтиды. Осының қорытындысы бойынша жоғары мектепке (Gymnasium), кейін унверситетке түседі. Гимназияда 8–9 жыл оқытылады. Гимназияда гуманитарлық, қоғамдық, техникалық және жалпы бағытта білім беріледі.

Хюккесваген қаласында академияда Профессор Хиларион Петцольд екі күндік семинар өткізілді. Семинар барысында Еуропа елдерінің білім беру жүйесі, ақпараттық үрдісі жайында пікір-талас жүргізді.

Тағылымдама барысында Германиядағы әріптестерден зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат көздерін, мақала жариялау үшін журналдармен танысып, көптеген мәліметтер алып қайттық.

#### **Әдебиет тізімі:**

Ғалымжан Нұрышев «Жаңа тұрпатты ұстаз жаңарған қоғамға қажет» ЕҚ // № 90-93 (25939) 12 Наурыз жұма, 2010.